



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 12 қыркүйек

Nomura инвестициялық банкі есепте экономиканың қалпына келуін және 2014 жылғы мұнай күйзелісі салдарының жойылуын атап өтті

10 қыркүйекте Nomura инвестициялық банкі өзінің «Introducing Damocles: Our early warning indicator of exchange rate crises» есебінде дамушы елдердің валюталық дағдарыстарға ұшырағыштығына талдау ұсынды. Дамокл деп аталатын индекс ұсынылды (ежелгі грек аңызындағы дамокл семсеріне ұқсас), оның негізінде валюталық дағдарыстарға ұшырағыштық дәрежесі бойынша 30 дамушы нарық (ел) сараланды. Индекстің негізінде 13 есептік индикатор жатыр, оның ішінде валюталық резервтердің мөлшері, сыртқы борыш, импорт, бюджет тапшылығы және ағымдағы төлемдер шоттары және басқа да макроэкономикалық көрсеткіштерді ескеретін индикатор бар, олар жиынтығында таяудағы 12 айдағы елдегі валюталық дағдарыстың туындау тәуекеліне болжам жасайды.

Nomura ұсынған талдауға сәйкес, барынша көп тәуекелге жеті дамушы ел ұшырайды, оның ішінде Аргентина мен Түркиямен қатар ОАР, Украина, Мысыр, Шри-Ланка бар. Бұл елдерде таяудағы 12 ай ішінде валюталық дағдарыстың барынша көп туындау ықтималдылығы бар. Сонымен қатар, талдау валюталық күйзелістер туындауының тәуекелдері төмен бірқатар елдерді бөліп көрсетеді, олардың ішінде Бразилия, Индонезия, Ресей және Қазақстан бар.

Есептің авторлары экономиканы қалпына келтіру және сақтықпен жасалатын макроэкономикалық саясат аясында дағдарысқа дейінгі кезеңмен салыстырғанда Қазақстанда валюталық күйзелістердің туындау тәуекелінің айтарлықтай төмендеуін атап өтеді. «2016-2017 жылдардан бастап едәуір жақсару байқалады, ол кезде Дамокл индексінің орташа мәні 32 және ұзақ мерзімді орташамен (1996-2008) салыстырғанда 41 деңгейінде болды», - делінген Nomura есебінде.

Авторлар инфляциялық таргеттеу және еркін өзгермелі бағам саясатын табысты іске асыруды ерекше атап өтеді, ол саясат экономиканы қалпына келтіруде және 2014 жылғы мұнай күйзелісінің теріс салдарын жоюда оң рөл атқарды. «Монетарлық саясат инфляциялық таргеттеуге табысты өтті (5% - 7%), ал «Бір белдеу – бір жол» Қытай бастамасы инфрақұрылымға инвестицияларды тездету және тауар нарықтарынан тыс экономиканы әртараптандыру мүмкіндіктерін береді», - делінген есепте.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz


www.nationalbank.kz

Қазақстан: Сақтықпен жасалған макроэкономикалық саясат жемісті болады
Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштері

Макроэкономикалық көрсеткіштер	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018П	2019П
Нақты ІЖӨ, %, ж/ж	5,0	6,0	4,3	1,2	1,1	4,0	3,6	3,2
ТБИ, %, ж/ж	5,1	5,8	6,7	6,6	14,7	7,4	6,0	5,6
Ағымдағы шот, ІЖӨ-ден %	0,5	0,5	2,8	- 2,8	- 6,5	- 3,4	- 1,4	- 1,3
Базалық мөлшерлеме, %	5,5	5,5	5,5	16,0	12,0	10,3	9,0	8,0
Валюта бағамы, 1 АҚШ доллары үш	150,0	154,0	182,0	341,0	334,0	333,0	деректер жоқ	деректер жоқ
Тәуелсіз рейтинг: S&P	BBB+	BBB+	BBB+	BBB	BBB-	BBB-	BBB-	
Тәуелсіз рейтинг: Moody's	Baa2	Baa2	Baa2	Baa2	Baa3	Baa3	Baa3	

Қазақстан экономикасы өзгермелі валюталық бағамның, сақтықпен жасалған макроэкономикалық саясаттың, мұнай бағасының қалпына келуінің және Ресейдегі экономикалық өсудің қайталануының арқасында 2014 жылғы мұнай күйзелісінен қалыпқа келді. Нәтижесінде Дамокл индексінің мәні нөлге дейін түсті, ол келесі 12 ай ішінде валюталық тәуекелдің ең аз туындау тәуекелін көрсетеді. 2016-2017 жж аралығынан бастап біршама жақсарғаны байқалады, мұнда Дамокл индексінің орташа мәні 32 және ұзақ мерзімді орташамен (1996-2008) салыстырғанда 41 деңгейінде болды. Барынша бәсекелес валюталық бағам тарапынан көрсетілетін қолдау, мұнай түсімінің өсуі және салықтық реформа аясында 2017 жылы ірі бюджет тапшылығы және ағымдағы операциялар шоты қысқарды. Монетарлық саясат инфляциялық таргеттеуге сәтті өтті (5% - 7%), ал «Бір белдеу – бір жол» Қытай бастамасы инвестицияларды инфрақұрылымға тездету және экономиканы тауар нарығы шегінен тыс әртараптандыру мүмкіндігін ұсынады. Жұмыс істемейтін кредиттерді жекешелендіру және қысқарту – алдағы негізгі реформа болып қалады, ал Қытай мен Ресейдегі бәсеңдеу және мұнай бағасының құлдырауы – тәуекелдің негізгі факторлары болып табылады.

Қазақстан үшін Дамокл индексінің мәні



Дамокл индексінің құрамдасы – валюталық дағдарыстың озық индикаторлары

Жекелеген индикаторлар		Шекті мәні	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	Шілде 18
1)	Алтынвалюта резервтері/импорт	<5	8,9	6,0	4,5	6,3	8,3	9,5	7,7	7,1
2)	Қысқа мерзімді сыртқы борыш/экспорт	>35	9,0	10,5	11,2	12,4	13,7	17,9	15,4	16,3
3)	Алтынвалюта резервтері/Қысқа мерзімді сыртқы борыш	<1.5	3,6	2,6	1,9	2,2	3,3	3,0	2,5	2,1
4)	Ақша массасы/ Алтынвалюта резервтері	>4	1,9	2,4	3,1	2,0	1,3	1,9	2,1	2,5
5)	Сыйақының нақты қысқа мерзімді нарықтық мөлшерлемесі, %	>6	- 5,4	- 4,0	1,7	1,2	1,7	4,5	4,2	4,1
	Алтынвалюта резервтерін шегере отырып, ШТИ емес 1 г. әкелінуі, ІЖӨ-ден %	6-индикаторды қараңыз	- 0,5	4,5	5,9	2,9	- 1,8	1,5	2,5	1,2
	Алтынвалюта резертерін шегере отырып, ШТИ емес 3 г. әкелінуі, ІЖӨ-ден %	6-индикаторды қараңыз	- 8,7	4,9	11,5	14,2	7,3	2,4	1,7	3,1
	Фискалдық балансы, ІЖӨ-ден %	7-индикаторды қараңыз	5,8	4,4	4,9	2,5	- 6,3	- 5,5	- 6,3	- 2,3
	Нақты тиімді айырбастау бағамы, орташа 3-жылдық мәннен ауытқу %	8-индикаторды қараңыз	4,3	3,0	2,5	8,7	- 24,3	- 18,4	- 13,7	- 9,2
	Ағымдағы шот, ІЖӨ-ден %	7-8-индикаторды қараңыз	5,1	0,5	0,5	2,7	- 3,0	- 6,4	- 3,3	- 2,3
Бірлескен көрсеткіштер										
6)	Алтынвалюта резервтерін шегере отырып, ШТИ емес 1 г. гросс әкелінуі, ІЖӨ-ден %	1г (>2)	Жоқ	Жоқ	Иә	Иә	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ
	Алтынвалюта резертерін шегере отырып, ШТИ емес 3 г. гросс әкелінуі, ІЖӨ-ден %	3г (>6)	Жоқ	Жоқ	Иә	Иә	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ
7)	Фискалдық балансы, ІЖӨ-ден %	Фискальнй (<-4)	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Иә	Иә	Иә	Жоқ
	Ағымдағы шот, ІЖӨ-ден %	ТС (<-2)	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Иә	Иә	Иә	Жоқ
8)	Нақты тиімді айырбастау бағамы, орташа 3-жылдық мәннен ауытқу %	РЭОК (>3)	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ
	Ағымдағы шот, ІЖӨ-ден %	ТС (<-2)	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ

Ресей: Мәнді макроэкономикалық жағдайы, алайда саяси тәуекелдер

Мұнайдың ағымдағы бағасы болған кезде бюджет балансының және ағымдағы операциялардың шоты профицитте тұр, ал экономика мөлшеріне қатысты әлі де аз болып отырған шетелдің борышын өтеу үшін қамтамасыз етуді ұсына отырып, ресми резервтердің өсуін жалғастырады. Мұның үстіне 2014 жылдың соңында валюталық және инфляциялық күйзеліс сәтінен бастап Орталық Банк дұрыс шешіммен қатар инвестициялық қауымдастықтың сенімін қалыптастырды және инфляцияны нысаналы деңгей айтарлықтай төмен 4%-дан 2,5%-ға дейін төмендете алды. Пайыздың нақты мөлшерлемелері жоғары болып қалуда, бұл рубльге үлкен сыртқы профициттен қолдаумен қатар қосымша қолдау көрсетеді. Сондықтан біз Дамокл индексінің мәні нөл деңгейінде тұрғандығына таң қалмаймыз. Алайда АҚШ тарапынан сәуірдегі қосымша санкциялар енгізілгеннен кейін геосаяси тәуекелдер қаржы нарықтарын бұзуы мүмкін екендігін көрсетті. Жалпы алғанда, Ресейдің әлсіздігі макроэкономикалық көрсеткіштен тыс, алайда оның әлсіздігі Батыспен геосаяси мәселелерінде болып отыр.

Ресей үшін Дамокл индексінің мәні

